



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 9 сәуір
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *1-03/145*
город Павлодар

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
қалалық байқауын дайындау және өткізу туралы**

Білім беру бөлімінің жұмыс жоспарын орындау және мектепке дейінгі мекеме педагогтерінің кәсібилігі мен мәртебесін, қызмет тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы 1-20 мамыр аралығына «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» қалалық байқауы (бұдан әрі - Байқау) өткізілсін.
2. Байқау туралы ереже, ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының құрамы бекітілсін (1-6 - қосымша).
3. Бөлімнің әдіскері Н.Нұрғалиева ұйымдастырушылық іс-шараларды өткізсін, байқаудың өткізу шарттарын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің әдістемелік кабинеті меңгерушісіне А.Сипатоваға жүктелсін.

Бөлім басшысының м.а.

Ж. Асаинова

Таныстырылды: әдістемелік кабинет меңгерушісі А.Сипатова

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
республикалық байқаудың қалалық кезеңін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқаудың қалалық кезеңінің мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау Павлодар қаласы білім беру бөлімінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** заманауи жағдайда әдіскерлердің кәсіби шеберлігін анықтау, жалпылау және тарату.

1.4. Міндеттері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;

- әдіскердің мәртебесін арттыру және оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;

- балаларды тәрбиелеу және оқыту процесін әдістемелік қолдау;

- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қосу;

- инновациялық технологияларды қолдану.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқаудың ұйымдастырушысы Павлодар қаласының білім беру бөлімі.

2.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері қатыса алады (әдіскер ретіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл).

2.3. Байқау үш кезеңде жыл сайын өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық деңгей (*ағымдағы жылғы мамыр*);

II кезең – облыстық деңгей (*ағымдағы жылғы қазан*);

III кезең – республикалық деңгей (*ағымдағы жылғы қараша*).

2.4. Педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін байқаудың қалалық деңгейінде басшының бұйрығымен өңірлік комиссия құрылады.

2.5. Өңірлік комиссия қалалық білім беру бөлімнің, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурсының жеңімпаздары, әдістемелік қызмет, білім беру саласындағы ғылыми және талдау ұйымдарының қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

2.6. Өңірлік комиссия байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.7. Байқаудың I кезеңіне (қалалық) қатысу үшін қатысушы осы Ереженің

3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім береді (Байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға II кезеңге қатысуға жол беріледі; II кезеңнің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға III кезеңге қатысуға жол беріледі), электрондық форматта келесі құжаттар (материалдар) қоса беріледі:

1) қатысушының өтінімі (осы Ереженің 3-қосымшасы);

2) әдіскердің портфолиосы (осы Ереженің 4-қосымшасы);

3) мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша жылдық жоспар:

- педагогтермен (семинар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік кеңестер, конференциялар);

- ата-аналармен (ата-аналармен жұмыстың заманауи түрлерін ұйымдастыру бойынша тренингтер, ата-аналар дәстүрлері, «Аналарға арналған мектеп», «Әжелер мектебі», «Ата-аналарға арналған мектеп», ата-аналарға арналған консультациялық пункттер жұмыстары);

- инновациялық технологияларды енгізу, мектеппен сабақтастығы.

2.8. Байқаудың барлық кезеңдерінде ұсынылған мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын қорғау қажет (ұзақтығы 10 минутқа дейін), презентациядағы слайдтар саны 7 ден көп емес.

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстың жылдық жоспарын **офлайн қорғау 2025 жылдың 14 мамырда өтеді.**

2.9. Байқаудың облыстық кезеңіне Бас жүлде иегері жіберіледі.

2.10. Байқау нәтижелері осы Ереженің 4 және 5-қосымшасында орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

3. Байқау қатысушысына қойылатын талаптар

3.1. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өндеуге келісімін береді.

3.3. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

4.1 Қалалық кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» байқау атауымен nurgalieva@goo.edu.kz электрондық поштасына **2025 жылғы 2 мамырдан** кешіктірмей жіберілуі тиіс. Әдіскердің портфолиосы электронды (белсенді сілтеме) және қағаз түрінде Кривенко көшесі, 25, № 417 кабинетке тапсырылады.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» қалалық байқаудың қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- I орын;

- II орын;

- III орын.

Номинациялар:

- «Іскер әдіскер»;
- «Жаңашыл әдіскер»;
- «Көшбасшы әдіскер».

5.2. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары Білім беру бөлімінің дипломдарымен және сертификаттармен марапатталады.

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
қалалық байқауының қазылар алқасы**

1. **Асаинова Жанат Кабатаевна** - қазылар алқасының төрағасы, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ басшысының орынбасары.

2. **Сипатова Асель Шаймардановна** - қазылар алқасының мүшесі, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

3. **Алтыбасарова Гульбаршин Калкамановна** - қазылар алқасының мүшесі, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

4. **Крыкбесова Бактылы Кайрулловна** - қазылар алқасының мүшесі, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдіскеі.

5. **Подобинская Людмила Витальевна** - қазылар алқасының мүшесі, «Павлодар қаласының № 10 сәбилер бақшасы» КМКҚ әдіскері.

Нұрғалиева Нұргүл Қайроллақызы - комиссия хатшысы, «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдіскері.

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
қалалық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені байқауға қатысу үшін жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Педагогикалық өтілі	
4.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	
6.	Біліктілік санаты	
7.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта	
8.	«Әдіскер портфолиосын» материалдарын қарауға арналған интернет-ресурсқа белсенді сілтеме көрсетіледі	

«Әдіскер портфолиосы»

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 3-қосымша) белсенді сілтеме ұсынуы тиіс.

Портфолио келесілерді қамтиды:

1. Әдіскер туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- еңбек өтілі;

- білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

- біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 3 (үш) жылдан аспайтын көшірмелері);

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- білім беру ұйымының басшысы растаған мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің соңғы 3 (үш) жылдағы білім беру жетістіктері мониторингінің нәтижелері (болған жағдайда) (5-қосымша, 5.1-кесте).

- әдіскердің жетістіктері (конкурстар ҚР БҒМ 07.12.2011 жылғы № 514 (өзгертілген 25.05.2021 ж. № 232 бұйрығына сәйкес болу) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы») бұйрығына сәйкес келуі тиіс (5-қосымша, 5.2-кесте).

- сәбилер бақшасының педагогтерінің жетістіктері (конкурстар ҚР БҒМ 07.12.2011 жылғы № 514 (өзгертілген 25.05.2021 ж. № 232 бұйрығына сәйкес болу) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы») бұйрығына сәйкес келуі тиіс) (5-қосымша, 5.3-кесте).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат (5-қосымша, 5.4-кесте):

- инновациялық-зерттеу жұмысының материалдары (өзірленген және енгізілген бағдарламалар, құралдар, ұсынымдар);

- инновациялық-зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша педагогикалық тәжірибені ұсыну, жалпылау, тарату (әдіскер қатысқан ОӘК хаттамаларының үзінділері, семинарлар, байқаулар және т. б.);

- инновациялық-зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша ақпаратты web (веб)-ресурстарда, әлеуметтік желілерде тұрақты орналастыру;

- соңғы 3 (үш) жылдағы растайтын құжаттар (материалдар), ақпараттық жүйеге сілтемелер).

Педагогикалық қызмет мониторингі

кесте 5.1

Оқу жылы	Әдіскер іс-шараларының жалпы саны	Дейін деңгей (қорытынды)			
		қала	облыс	республика	халықаралық
22-23	2	1	1	0	0
23-24	1	0	0	1	0
динамика	- 1	- 1	- 1	+ 1	0
23-24	1	0	0	1	0
24-25	4	2	2	0	0
динамика	+ 3	+ 2	+ 2	- 1	0
Барлығы	7	3	3	1	0

Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің жетістіктері

кесте 5.2

Оқу жылы	Әдіскер іс-шараларының жалпы саны	Іс-шараның атауы, Ұйымның атауы, айы, жылы	Дейін деңгей (қорытынды)			
			қала	облыс	республика	халықаралық
22-23	2	Мысалы: «Педагогикалық идеялар панорамасы», Павлодар облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО АҚ, мамыр 2023.	-	қатысушы сертификаты	-	-
		«Менің педагогикалық инновациям», «Павлодар қаласының білім бөлімі» ММ, қазан, 2022	диплом 1 орын			
23-24						
24-25						

Бұл кестеге білім беру ұйымының басшысы қол қояды, растайтын құжаттар қоса беріледі.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының жетістіктері

кесте 5.3

Оқу жылы	Педагогтердің жалпы іс-шаралар саны	Педагогтің аты-жөні, лауазымы, іс-шараның атауы, Ұйымның атауы, айы, жылы	Дейін деңгей (қорытынды)			
			қала	облыс	республика	халықаралық
22-23	2	Мысалы: Илиясова М.О., «Педагогикалық шеберлік» тәрбиешісі, Павлодар облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО АҚ, қараша 2023.	-	диплом 1 орын	-	-
		Сапарова М.С., қазақ тілі мұғалімі, «Үздік педагогы», «Павлодар қаласының білім бөлімі» ММ, ақпан, 2023	қатысушы сертификаты			
23-24						
24-25						

Бұл кестеге білім беру ұйымының басшысы қол қояды, растайтын құжаттар қоса беріледі.

Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат

кесте 5.4

Оқу жылы	Материалдың атауы, айы, даму жылы	Сілтеме, іс-шараның атауы, Ұйымның атауы, айы, жылы мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің инновациялық-зерттеу қызметінің материалдары ұсынылды, жинақталды, таратылды			
		қала	облыс	республика	халықаралық
22-23					
23-24					
24-25					

Бұл кестеге білім беру ұйымының басшысы қол қояды, растайтын құжаттар қоса беріледі.

**Офлайн форматта жүргізілетін
мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмыс жоспарын
қорғауды бағалау критерийлері**

Күні:

Әдіскердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):

Критерийлер	Көрсеткіштер	Ұпайлар	Қорытындылар
Әдістемелік жұмыстың мақсаты мен міндеттері	Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс жоспары мен қызметінің мазмұнына сәйкестігі.	0-5	
Тәрбие мен оқыту әдістері	Негізгі әдістер міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келмейді.	0-5	
	Негізгі әдістер міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келеді.	0-2	
	Тәрбие мен білім беру процесінде қолданылатын барлық әдістер міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келеді.	0-2	
	Әдістерді қолдану, авторлық бағдарламасы негізінде жоспарланады.	0-2	
Жұмыста сандық білім беру ресурстары мен қосымша көздерді қолдану	Жұмыста дайын немесе әдіскермен әзірлеген АКТ-ны (презентация, цифрлық байланыс орталығы, QR-кодтары және т.б.) қолдану.	0-5	
Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің соңғы 3 жылдағы жетістіктері	Кәсіби шеберлік байқауларының (халықаралық/ республикалық/ облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) дипломдарының болуы.	0-5	
Әдіскердің рефлексиясы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге өзіндік талдау жүргізеді, қайсысы өзгертуді (жақсартуды) талап ететінін айқындайды, педагогтердің жетістіктері негізінде әдістемелік жұмыстың деңгейін бағалайды.	0-2	

Қорытындылар:

Ұсыныстар: